



БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

Периште зцуреа

бақыт сыйласақ...

“Бақшаға біз гүл ексек,
Балдырғаным, сен үшін.
Бақтыңды жыр өтсек,
Балдырғаным, сен үшін.
Жігіт болар күні ертең,
Балдырғаным, гүл еркем.
Бақытты бол өсе бер,
Құтты болсын мерекен!
Арманы бір, үні бір,
Аға – ардақты, іні – гүл.
Бақыт туын көтерген,
Балалардың күні бул” деген өлең жолдарының тереңінде
қаншама парасат пен ізгілік, махаббат пен мейірім жатыр десеніңші.



Ие, шынында бәйшешектей құлпырған балалар өлеміне үлкендер тарапынан қолдау, қамқорлық, шапағат пен күш сәулесіндей мейірдандық керек екенін, табиғаты талғампаз періште гұмыр иесіне бақыт сыйлау біздің парызымыз екенін терең түсінгеніміз жөн. Үлбірген нәзік гүлдерге қандай қамқорлық пен күтім керек болса, бал балаландарға да көптеп-көптеп, өркенін жақ шүрін жылы алақан, қамқор пейіл жұмақ жүрек қажет. Себебі олар біздің тәуелсіз еліміздің келешегін күндей жарқыратып, көзінде жарық жұлдыздай самғайтын үмітіміздің шырағы болған бейбіт күннің көгершіндері секілді. Сондықтан “бар мейрім мен жақсылық балаларға” деп ұрандатуымыздың осындай қеремет сыры бар.

Балаларды қорғау дегеніміз – әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұйқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз. Үлкендердің тілегі – бұлтсыз күн, ашық аспандай нұрын шашқан күн сәулесіндей біздің балаларымыз бейбіт өмір сүрсе екен, олардың жүректерін қайғы, мұң шалмаса екен. Отбасынан басталған бақытты балалық шақтыры Отаның оран қолдай азаматы болуға жетпесек өрп-түгіміз.

Сол үшін де Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды “Балалар жылы” деп жариялады. Бұл туралы Қазақстан халқына арналған жаңа жылдық Үйдеудің «Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшықыр азаматтар аз емес. Біз

өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек» деген болатын.

Президент балаларға ерекше көңіл бөлу керек екенін осылайша ілтипатпен, аса жауапкершілікпен жеткізді.

«Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының көпірі. Сондықтан да алдағы жылды “Балалар жылы” деп жариялау керек деп есептейміз. Әңгіме жалаң уран емес, мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскемен ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өте кемелдікке жетелейтін, бала арманының самғауына жол ашатын керемет бастама. Шынында балалар жылы тек іс-шара, концертпен өтпеуі тиіс. Нақты іске кірісу керек.

Айта кетік, Мәдениет және спорт министрлігі биыл қоғамда мүмкіндігі шектеулі таланты балалардың шығармашылығын таныстыру мақсатында «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған NewArt балалар шығармашылығының фестивалін» өңірлерде жалғастырмақ. Яғни аталған фестиваль аясында өңірлерден мүмкіндігі шектеулі жас дарын иелерінің шығармашылығы көпшілікке таныстырылады. Бұл көлеңке, ән айту, бейнелеу өнері егзе де жанрларын қамтиды және жобасында талантты жастардың көрмесі, республикалық байқау өткізіледі.

Биыл «Бала дауысы» ұлттық балалар
ән байқауы мен «Astana Piano Passion»

республикалық жас пианистер конкурсы өткізілмек. Жалпы халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру мен оқырман мәдениетін дамытуға бағытталған түрлі акциялар мен іс-шаралар ұйымдастырылатын болады.

Бұл жұмыстар көпшілікке арналған «Бір ел – бір кітап», «Әдеби өлкетану», «Нағыз оқытын кез» республикалық акциялары аясында жүргізілмек. Бұл шаралардың ерекшелігі көрсетілген акциялар тек кітапхана оқырмандарын ғана емес, түрлі өндіріс орындары мен басқа да қоғамдық ұымдардың қатысушыларын қамтиды екен.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, еліміздің барлық өңірінде партермен скверлерде ашық ауада астында кітап оқу іс-шаралары ұйымдастырылады. Кітапханалардың әлеуметтік желілердегі парақшаларында «Әжемнің ертегілері», «Отбасымыз кітап оқимыз» және өзге де театрландырылған білім беру онлайн-жобасы да іске асырылады. Ал Ұлттық кітап палатасы «Балаларға арналған үздік шығарма» байқауын өткізуді жоспарлап отыр екен.

Балаларға базарлықтың бірі былытырғы елімізде жарияланған балалар әдебиеті жылының был жылжасымды жалғасын табуы деуге негіз бар. Осы шара аясында балаларға арналған қаншама көркем бөзөндірілген кітаптар, жыр мен өн жинақтары өмірге келді. Соның бірі – жуырда ғана балақайлардың қолына тиген «Дөрүмендер дауасы» кітабы. Ол – Жалағаштың төл перзенті, ақын Қуат Ахетовтің қаламынан туған

балақайлар іздеп жүріп, қызыға оқитын
көркем дүние. Тілі жеңіл, жүрекке жылы.

тақпақтар балалар жүрегіне жол табуда. Бұл кітаптан бала өзінің жанына керек тақырыпты табады деп ойлаймын.

Жуырда гана Жалагаш аудандык
мәслихатынын депутатты, көсіпкер
Әліби Бекжанов Жанатаал, Төмірбек
Жүргенов ауылында туратын «Ер-
Әлі» және «Құрманбай Ата» шаруашы-
лықтарынын жұмысшылары мен
өздерінің жаксы оқыған 5-11 сынып
аралыгындагы балаларына «Төмірбек
Жүргенов» атындагы шекірткы
тағайындал берді. Үздік оқушыға өр-
тосканға – 30 мың, екіндіге – 20 мың
теңге. Мұның бөріні балаларға өреші-
камқорлық деп түсінген жөн. Айта-
кету керек, былтыр жомарт жан жеке
жарысымен Т.Жүргенов ауылындағы
балақайларға 450 шаршы метр аумаққа
балалар мен ересектерге арналган ойын
алаңын салып берген болатын. Әрине,
бала тәрбиесі үшін, олардың ақыл-ой
интеллектуалдық қасиетін ашу үшін түрлі
с-шаралар, мерекелік жиындар өткені
құптарлық дүние.

Алайда бірінші кезекте балалардың денсаулығына назар аудару керек. Бүгінде ата-аналар мүмкіндігі шектеулі балалардың жәрдемақы мөлшерінің аздығын айтады. Себебі қазіргі таңда әрбір-дәрігерке бағасы шарықтап кеткен. Дәрігерге қарату да қалтаны қағайды. Демек осы жыл Ел Президентінің айтқандай, тек концерттік, мерекелік шаралармен өтпеген жөн. Баланы оқыту, денсаулығын сақсыту, әлеуметтік жағдайын түзеу, сәуілді жұмыстар қызыры орындар тарапынан қолға алына, балаларға базарлықтың үлкені сол болмақ.

Gayhap ҚОЖАХМЕТОВА

ҚАБЫЛДАУ

Францияның Нормандия қаласынан
ақжолтай хабар. Жерлесіміз, Бұқарбай
батыр ауылының тұмамы Нұрдаулет
Маратұлы Дүниежүзілік Гимназияда
ойындарында алтыннан алқа тағып,
еліміздің әнұранын әуелетіп, көк туымызды
биіктен желбіретті.

СПОРТШЫҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТИ



Қазақстанда 4 жылда 1 ететін әлемдік додада биыл бірінші рет бақ шында. Дүниежүзінің 70 тектос мемлекеті қатарымен сайысқа өлімдізден 234 азамат қатысып, командалық есепте үздік үштігі түйіндеді. Жақсы көрсеткіш, әрине. Ал дәл осы додада еркін күрестен ел біріншілігін іріктеген Нұрдаулеттің жеңіс туғырына жайғасып тек жалағашауықтардың ғана емес, баршы қазақстандықтардың жетістігі екені дамыс. Аудан башысы, спорт жанашыры Асқарбек Есжанов өткен сөңбіде жүлдегер спортышыны, атанасы мен бапкерін қабылдап, құрмет көрсетті, қадамына сөтілік тілеп, салада мұнан да биік белестерді бағындырырарына сөнім білдірді.

Кездесуде болсын шама-шаркыны колду салага кай уакытта алысчын шама-шаркыны колду жукрөтөтин жеткизип, бугарабайтырылктардан жуырда жууге астын жагымды ханалынын да жасырмды. Ягни алдай уакытта осы өңдө жерликти шаруашылк демеушлигини мей көтерген спорт кешчин мемлекет меншиге алып, ауылда аталан саланын алга басуына эли де жагдай жасалатынын жеткиздй. Бул жаналыкка балкер мен спортындаан бөлөк ата-анасы да куанып калды. Сондай-ақ Казбекте Казбек Темірбүлкүй 4 жылдан бер Нұраудетти жалттыгынан Нұрлыбек Қодырен мен жеңімпаздың әкесине алғыс хат табыс етті. Ал Нұраудетти өзине аудан икинчи Қуттықтау хаты мен 100 мың теңгени сертификатын тарту етті. Кездесуде спортышының әкеси аудан басшысына көрсөтілген күрметке алғыс білдіріп, ауданның дамуы жолында қолға алған әрбір жобасына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, байрақты бөсекеде ақтық мәреге дейін батыр атындағы ауылдың батыр үлгісі француз, түрік, Армения елінің балуандарын айықс басымдықпен жеңді. Ал финалда бразилиялық балуан да біздің балаға есе жіберді. Осылайша Нұрдуғал бәрша қазақ жұртының намысын қорғап, көк туымызды биіктен желбіретті. Ауылдағы мектептің түлегі қазірдің өзінде салаға жауапты министрліктің грантын жеңіп алды. Аудан басшысының спортшыларды қабылдауынан кейін еркін күрестен бірнеше шекірті үлкен додаларда топ жарған Нұрлыбек Қодықмерген сұхбаттасқан болатынбыз. Балкер мен спортшының басқа да жетістігі хақында басылымның алдағы сандарында қалам тербейміз.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

АУЫЛ ТЫНЫСЫ

Көгілдір отын тұтынатын күн алыс емес

Алдағы екі-үш жылда ауданға қарасты елді мекендерде жарқын жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыстар жасалмақ. Әсіресе табиғи газға қосылатын ауыл тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Қажеттілігіне, мәселенің өзектілігіне қарай барлық ауылдық округтерде көшелер жөнделіп, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылады. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауылдарға сапарында осындай жақсы жаңалығын тұрғындармен бөліст. Ең бастысы ауданға қосылған газ желісінің өңірдегі ауылдық округтерге т-сініктің қолдауы жөн көрген аудан әкімі елді мекен тұрғындарының ұсыныс-пікіріне, мұң-мұқтажына құла түріп келді.

Аудан әкімінің жұмыс сапары Далдабай, Қаратөкен, М.Шәменов, Аяқ ауылдарында жалғасты. Далдабайлықтардың көкейлерінде жүрген мәселе көп екенін білдік. Ең бірінші осы ауылдың тұрғындарымен көзделсең аудан басшысы келер жылы бірнеше мәселенің оң шешімін табатынын айтты. 10 млрд теңгені құрайтын 44 жобаның бірнешеуі атқалғал еді мекеңге де бағытталмақ. Мәселен, Далдабай ауылының кіребіріндегі жол жөндеуден өтсе, қайықтандыру, аяқ су мәселелері де жолға жолықпақ.

Айта кетейик, аяк су мәселесінің алдын алу үшін 2-3 ауылдан су ұңғымасы қазылмақ. Бұл бар-бақша егетін әрбір тұрғынның су тапшылығын сезінуінің алдын алмақ. Далдабайлықтарды титықтақан мәселелер бұлар ғана емес, ғылыми технологияның дамыған заманы болса да, ауыл халқы интернеттің игілігін көре алмай отыр. Жылдамдығы алаңсыз әлсіз, сапасы нашар интернет желісі көп жерде тұрғындардың

сандалып сабылуына себеп болады екен. Кейде интернет арқылы жолдай салатын құжаттарды аудан орталығына тасып әлек болады. Бұдан енді ғана хабардар болған аудан екімі ауыл екіміне тиісті жұмыстарды қолға алуды тасысды. Ал алдағы уақытта жүзеге асатын жарқын жобалардың қатарында Далдабай ауылын газдандыру жұмыстары бар. Жақсы жағалықтан құлағар болған тұрғындар көңілдері бір серпіліп, ауылдың дамуына жасалатын тағы бір қадамға көк болатындарын айтты.

Мунан соң Каракеткен ауйлдық клубында елді мекен тұрғындарымен өткен басқосуда мәселе жоқ емес екенін білдік. Әсіресе ақсақалды қариялардың тілегі – басы ауырып, балтасы сыздағанда дереу дәрігерлік көмек алуларына мүмкіндік жасалса дейді. Аталған ауйлдағы медициналық орынның салынғанына 50 жылдай уақыт болғандықтан, ғимараттың сапасы сын көтермейді. Ал жердел жәрдем көлігінің жүргенінен тұрғаны

көп екен. Ауырып қалсақ, абдырап қаламыз деп шағымданған ауыл тұрғындарының мұң-

[illegible]

шығарғанынан-ақ білім жолында аянбай тер төгілетінін байқадық.

Ушундай аялдамасыз М.Шаменов асылыгы болду. Мунда да мөңгөнт өйүндө асыл халыктын кесепи өтпү тургандыгына көкөй-көйлөрдө жүргөн эрбери мөселме тербипте жайылды. Эдеттегидей аяк суу мөселсин жарыса-жарыктеген азаматтарга аларгы уакытта бул тургандык өшкөндөй кыныкты болмайтыны айткан аудан экими Аскарбек Төмүрбеккулы шөмөнөктөрдө да жаксы жанылыкчын сүйүшүлөп, асылдын дамуы жолында жасалатын жумуштарын таныстырып. Колга алынатын 44 жобанын ишине аталган асылга да бирнеше жоба багытталмак экен. Мөселмөн келер жылдары М.Шаменов асылыбын тургандыгы катты отын тутунында катта. Яғни асыл түгөйлөм көлгөрдү отымын жамтамасыз өтөлөм. Бул асылдын да керебери жолы жөңдөүдө өтө, асылдык клубтын да сапасыны сын көтөрөдөй халге жетеді. Ал аксылыктарын үшүн келер жылы коу тонын кабат тойлаууа мүмкіндик бер. Өйткені Аяк асылында бир емес, бирнеше жумуш жүзөгө аспақ. Асыл ишндегі 4

көше мен кіреберіс жол жөндеуден өтсе, электр желілеріне толықтай жаңғырту жұмыстары жасалады. Осы ауылдың тұрғындары да көп ұзамай көгілдір отынның игілігін көретін болады.

Қарап отырсақ, барлық елді мекенде аяқ су мен жол мәселесі бар. Осыған дейін таласты әңгіме тудырып келген аяқ су мәселесі шешілтінін естіп, көптің көңілі бір демделді. Аудан әкімі айтқандай, аяқ су тартатын су ұңғымалары болса, ауа-бақша егуде еш кедергі болмас еді. Ауыл тұрғындарына ең алдымен керекі де осы. Өйткені елді мекен тұрғындары көбіне елді егуден күнкүресіп тұзетінін бізмізге мәлім. Енді қолдау тапқан 44 жоба көзен-көзеімінен жүзеге асса, ауданымыз біраз алаң ілгерілеп қалатыны анық. Аудан дамыса, тұрғындардың да әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер етуі мүмкін. Келер жылдың еңкісіне қалдырылған әлі талай жұмыстың шеті шығып тұр.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

2 ҚОҒАМ

КОНФЕРЕНЦИЯ

Әбдіжәмiл Нұрпейiсов – әлем әдебиетiндегi таныс есiм. Тарихи шығармалары және ондағы кейiпкерлерi арқылы ұлтымызды дүниенiң төрт бұрышына танытқан алыптың, алты алашқа аты мағлұм абыздың есiмi бүгiнде аңызға айналды. Ал қазақ оқырмандары үшiн, қазақ халқы үшiн таныстыруды қажет етпейтiн кесек тұлға.



ӘБДІЖӘМІЛ ӘЛЕМІ

Жуырда облыс орталығындағы студенттер сарайында Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасының Еңбек Ері Әбдіжәмiл Нұрпейiсовтың шығармашылығына арналған «Ә.Нұрпейiсов – заманымыздың заңғар жазушысы» атты республикалық ғылыми конференция өттi. Конференцияға облыс әкiмi Нұрлыбек Нәлiбаев, Қазақстан Республикасы Парламентi Мәжiлiсi төрағасының орынбасары Балайым Кесекбаева, Қазақстанның еңбек сiңiрген қайраткерi, жазушы, кинодраматург Смағұл Елубай, көркейтi көсемсөзшi, ақын Мырзан Кенжебай, кинорежиссер Рүстем Әбдіраш және жоғары оқу орнының оқытушылары, профессорлар, ұстаздар, руханият өкiлдерi қатысты.

Конференцияны облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов жүргiзiп отырды. Алдымен аймақ басшысы қазақтың қабырғалы қаламгерiнiң шығармаларын кейiнгi ұрпаққа насихаттап жеткiзу бүгiнгi буынның парызы екенiне тоқталды.

– Сырбаз Сырдың саңлақ ұлын мен қалай танимын, жас ұрпаққа қалай таныстырамын деген өi әрдайым бiздiң санамызда жаңғырып жүредi. Әбдіжәмiл Нұрпейiсов киелi топырақта өнiп-өсiп, түрлi тарихи кезеңдердi басынан өткiздi. Аштықты да, қуғын-сүргiндi де, соғысты да көрдi. Алайда ол – аштық нәубетi, саяси зобаландар мен қан майданнан аман қалып, тағдыр тауқыметiне төтеп берген күрескер тұлға. Ол – ғаламат ғұмыр кешкен екi ғасырдың күегерi. Әбдіжәмiл ағамыз – батыр бабалардың әдiлдiк жолымен жүрiп, қоғамшыл қауымның отаншыл рухын, қасиетi мен өсиетiн айна-қатесiз айта алған реалист қаламгер. Ол – кенезсiз кепкен Аралдың жоқтаушысы, табигаттың тамыршысы, әдебиеттiң арнасын теңiздiң тағдырына бұрған эколог жазушы, парасат бiлiнгiдегi кiсiлiк келбетiне кiр шалдырмаған адам. Әлем әдебиетiнде Әбе ағамыздың

бiрегей шығармашылығы «ХХ ғасыр – қазақ әдебиетiнiң алтын ғасыры» атануына өлшеусiз үлес қосқаны белгiлi. Әбдіжәмiл Нұпейiсов есiмi халықаралық аренада өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында әлемнiң әдеби өрсiне жол тартқан «Абай жолын» жалғастырған, жаңғыртқан «Қан мен тер» болып еске түседi.

Жазушының бала күнiмiзден бiрнеше рет оқып, кейiн түсiнген «Қан мен тер» трилогиясы әлемнiң отыз бес тiлiне аударылды. Бұл роман туралы шетелде жарияланған пiкiрлер, жазылған монографиялар кiтаптың өз көлемiнен де артқан деседi.

«Қан мен Тер» – Нұрпейiсовтың ғана емес, күллi қазақ халқының айтуы тиiс сөзi, халқымыздың тарихы, тағдыры. Жазушының ерөн еңбегi елдiң, мемлекеттiң ең жоғары бағасына ие болды. «Курландия», «Қан мен тер» трилогиясы мен «Соңғы парыз» романы алтын қорымызға қосылған ұрпақ үшiн құнды қазына болып қала бермек.

Әбдіжәмiл Нұрпейiсов шығармашылық ғұмырының тең жартысын туған жерi Аралға арнады. Адамзат қасiретiне айналып бара жатқан Аралға араша түсу жазушының соңғы парызы болды. Әдеми қартайып, пендешiлiктi парасаттылықпен жеңген, көркемсөздiң беделiн биіктеткен жазушының ендiгi дәуiрi шексiздiкке ұласты. Кешеден жеткен үлксiзiкке бүгiнге тәлiм етiп, ұрпақ бойына сiңiру өскелең өркен үшiң, байыпты болашақ үшiн аса маңызды.

Алдағы уақытта Әбдіжәмiл Нұрпейiсовтың өмiрi мен шығармашылығына арналған республикалық, халықаралық деңгейдегi ауқымды iс-шаралар, ғылыми конференциялар өткiзу тұрақты қолға алынады. Тiптi ол бүгiнген басталып кеттi деп айтса да болады, – дедi Нұрлыбек Мәшбекұлы.

Сонымен бiрге аймақ басшысы Арал қаласындағы жазушының музей

үйi оқырмандар, жалпы халық үшiн үнемі ашық тұруға жағдай жасалатынын және сәулетi қайта жаңғырып, қоры молаятынын айтты. Сондай-ақ «Беларандағы» күмбездi ескерткiшiнiң аймағы мемориалға айналатынын жеткiздi.

Одан соң ғылыми шараның ережесiне сәйкес Смағұл Елубай сөз алып, қаламгердiң болмысы мен туындылары туралы толғанды. Соның iшiнде «Қан мен тер» трилогиясындағы кейiпкерлерге көбiрек тоқталды.

– Әбдіжәмiл Нұрпейiсов – қазақ әдебиетiн Әуезов көтерген әлемдiк деңгейден түсiрмей сақтап қалған заңғар жазушы. Әббейнiң екi қыры бар. Оның бiрi – қаталдық, екiншiсi – жұмсақтық. Бұл бiр қарағанда жазушы тұлғасындағы қайшылық секiлдi көрiнгенiмен, Әббейнiң осы екi қасиетi бiр-бiрiн толықтырып тұратын. Бойындағы осы екi қасиет жазушының өмiрiне де, тәңiрегiне де, шығармаларына да әсер еттi деп бiлемiн. Әббейнiң қаталдығы шығармаларынан да көрiнiс табады. Мәселен, «Қан мен тердегi» кейiпкерлердiң iшiнен бақытты бiр адамды таба алмаймыз. Олардың өмiрдегi соры тым қалың. Басқаларын айтпағанда, шығарманың бас кейiпкерлерi – Еланам мен Ақбаланы өмiрдiң бұралаң жолында адастырып, кейде түйiмқа тіреп, ұйыққа аяусыз батырады. Адам тәзгiсiз қасiретi бастан көшiредi. Сән-салтанатты ғұмыр кешкен төкпедр, орасан байлық пен бiлiктiң иесi Төңiрбергеннiң өзiн жазушы шығарманың соңында ошағын ойрандап, қаңғытып жiбередi. Бұл жазушының дұрыс шешiмi едi. Өйткенi адам өмiрiнде жасалған қиянат, күпiр-күнеңiң барлығы айналып келгенде сол адамды бақытсыздыққа алып келетiнiн көрсетiп бердi. Ендеше қатал да болса бұл Әббейнiң кейiпкерлерiне кешкен лайықты «жазасы» едi...

БӘРЕКЕЛДІ!



Шәкіртақы тағайындады

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген нақыл бар. Мақпалкөп ауылының тумасы, аудандық мәслихат депутаты, танымал кәсіпкер Әліби Бекжанов үнемі туған мекені, өзі кіндік кескен киелі жеріне игілікті қамқорлық жасаудан бір сәт жаңылған емес. Жеке кәсіп иесі осы кезге дейін ауылдастарына тек шаттық сыйлап, қолынан келген жақсылығын жасаумен келеді. Туған жерді түлетуді мақсат тұтқан жан жерлестеріне жасаған ізгі амалдарын, үлгілі істерін жарияға жар салып, жарнамалауды ұнатпайды. «Ол – менің туған жеріме деген азаматтық парызым» деп қысқа қайырады.

Әрине, бойына біткен қарапайымдылық пен кендік – оның асыл қасиеті. Десе де елдегі ағайындар Әлібидей азаматтың қамқорлығын көпшілік білсе, одан үлгі ала деп армандайды. Жуырда ғана ісі елге өнеге болған жомарт жан Жаңаталап, Темірбек Жүргенов ауылында тұратын «Ер-Әлі» және «Құрманбай Ата» шаруашылықтарының жұмысшылары мен үлескерлерінің жақсы оқыған 5-11 сынып аралығындағы балаларына (Темірбек Жүргенов) атындағы шәкіртақы тағайындап берді. Үздік оқушыға әр тоқсанда 30 мың, екпіндіге 20 мың теңге.

«Бұл дәстүр алдағы жылдарда да жалғасын табатын болады. Жаңа Қазақстанның көпешегін қалайтын білімді де білікті осы біздің жастарымыз екенін естен шығармауымыз керек» дейді туған жерін Мысыр шаһарына балаған мәрт азамат.

Иә, шынында балаларға бақыт сыйлау қандай керемет қуаныш. Жүргеновтік оқушылар енді белсенді азамат болып, жақсы оқуға талпынары анық. Бұл іс бастамаға қолдау көрсеткен азаматқа ата-аналардың алғысы шексіз. Қуаныштары шынайы. Себебі бала – біздің болашағымыз. Ал болашақ бүгіннен бастау алады.

Г.ҚОЖАХМЕТОВА

КЕНТ ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Жалағаштықтарды жарқын жобалар күтiп тұр. Алдағы екi-үш жыл жаңа бастамаларды, тың идеяларды жүзеге асыратын табысты кезең болғалы тұр. Ауданнан ұсынылған 53 жобаның 44-нiң қолдау табуы бiз айтқан ауқымды iстердiң орындалуына мүмкiндiк бермек. Ал аудан дамыса, экономикамыз да өрлейдi, әлеуметтiң әлеуетi де артады. Өткен аптаның соңында аудандық мәдениет және өнердi дамыту орталығында өткен кездесуде «2025 жылға дейiн барлық елдi мекендердiң өңесiн тiктеймiз» деген аудан әкiмi Асқарбек Есжановтың қуатты сөзi аудан халқының сенiмiн шынды түскендей болды.



Иә, расымен сексен жылдан астам тарихы бар Жалағаш жерi – шежірже толы мекен. Бұған дейiн қаншама жұмыс iстелдi, жарқын жобалар қолға алынды, жаңа ғимараттар бой көтерiп, құрылыс саласы да қарқын алды. Әсiресе бiлiм саласының жылдан-жылға дамуы өңiрiмiз үшiн зор мақтаншыл болып отыр. Дегенмен өркениетке қадам басқалы отырған ел үшiн бұл жұмыстар аздық етедi. Атқарылған iс ауқымды болғанымен, алға қойылған мақсаттар көп-ақ. Бiр белестi бағындыру осымен тоқтау деген сөз емес, керiсiнше мұнан да жоғары – биіктердi бағындыруға жасалған қадам болуы тиiс.

Аудан әкiмi мен кент әкiмiнiң өңiр халқымен басқосуы барысында көптеген мәселенiң түйiнi тарқатылатыны айтылды. Басшылыққа

келгенiне бiр айға ендi жуықтаса да, жалағаштықтардың мұң-мұқтажына, талап-тiлегiне құлақ асуға уақыт тапқан қызметтегi жауапкершiлiгi абырой биiгiнiң дәрежесi екенiн айтқан өңiр басшысы кент келбетiн арттыруда талай iстiң жүзеге асатынын мәлiмдедi. Ең әуелi бұған дейiн айтқанымыздай, 10 млрд қаржыны құрайтын 44 жоба кезең-кезеңiмен жүзеге асады. Аудандық аурухананың көзi жүйесi шешiмiн табады, аудан орталығына жолалы көпiр орнату мәселесi бiр жолға қойылады. Сондай-ақ кездесуде жағымды жаңалықтар мұнымен тоғастайтынның бойын аудан әкiмi орталық стадионға жүргiзiлетiн күрделi жөндеу жұмыстары, көпқабаты үйлердiң қайта жаңғыртылатынын, бiлiм беретiн орындардың көгiлдiр отынға

қосылатынын «Ақтерек» сауықтыру лагерiнiң күрделi жөндеуден өтетiнi және Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейiнiң бiлiм алушыларының саны тым көп болуы себептi ақшымша 200 орындық ғимарат салыныатынын, мұнан да басқа тұрғындар көкейiнде жүрген мәселелердiң түйiнi тарқатылатынын жеткiздi.

Кенттегi шешiмiн таппай жүрген мәселелердiң шешiмi табылса, аудандың дамуына да еш кедергi болмайтынын айтқан тұрғындар қашанда жауапкершiлiктiң жүгi ауыр екенiн айталды. Ал аудан әкiмi болса, айтылған мәселелердiң бәрi күн тәртiбiнен түспейтiнiн және алдағы уақытта оң шешiмiн табатынын жеткiздi.

Нұр НАУАН

Ауыл халқы алдағы науқанды қолдайды

Елiмiзде болғалы тұрған саяси өзгерiстер бүгiнде көпшiлiктi елең еткiзер оқиғаның маңыздысы болып отыр. Халықтың үнiе құлақ асатын, елдiң басты мәселелерiн бағдарға алып, жалпақ жұртқа есеп беретiн Үкiмет жұмысының жариялылығы салтанат құруы шынында қарапайым халық үшiн үлкен бетбұрыс және тiмдi мүмкiндiк. Елге қолжетiмдi мүмкiндiк сыйлайтын жаңа Заң алда өтiлетiн референдумда қабылданып, елдiң келiсiмiмен жүзеге аспак. Бұл Заң туралы бұдан бұрын Ел Президентi Қ.Тоқаев Өз Үндеуiнде көпшiлiкке жария еттi.

Алайда ел iшiнде баптарына өзгерiс енгiзiлген заң туралы естiгенi болмаса, оның мазмұнын жете түсiнбеген азаматтар бар. Ал осы заңның мазмұнын елге насихаттау мақсатында «Аманат» партиясы жанынан штаб құрылған. Өткен аптаның аяғында штаб мүшелерi ауданға қарасты Еңбек ауылдық округiнiң халқымен кездесу ұйымдастырды.

Штаб құрамында «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық



филиалы қоғамдық штабының төрағасы, партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева, төрағаның орынбасары Жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Аамандық, штаб мүшелері №122 орта мектеп директоры Сәлима Оспанова, «Невада-Семей» қозғалысының қатысушысы Жұматай Қорғанбаев және аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті бас редакторының орынбасары Гауһар

Қожахметова бар.

Насихаттық топ ауылдық округ халқына референдумның маңызын, Ата заңымыздағы халықтың мүддесін көздейтін жаңа баптар мен күрделі өзгерістер туралы жете түсіндіріп, ауыл тұрғындарының сауалдарына жауап берді. Еңбектіңтер референдумға бір кісідей бірлікпен қатыспақ.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Халық мүддесіне ден қойылады

Референдум туралы айтар кезімде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың мына сөздері есіме түседі. «5-маусымда Жалпыхалықтық референдум өткізіледі. Ата Заңымыздың 33 бабына түзетулер енгізіледі. Менің мақсатым – халқыма мейлінше еркіндік беру, демократия мен заң үстемдігін күшейту. Президент ретінде ешқандай артықшылықтар мен жеңілдіктерге құмар емеспін. Мұндайды қаламаймын» деді.



Президенттің бұл сөзінен нені аңғаруға болады?

Президентіміз халқына барынша мол бостандық беруді мақсат етіп отыр. Халық өз тағдырын өзі шешетіндей болуы үшін мемлекеттің ісін барлық өлшем халықтың өзі айқындайтын жағдай жасау үшін референдум өткізгелі отыр. Осыған дейін 4 рет Конституция өзгерді, бірақ барлығы Парламент арқылы шешіліп келген еді.

Ал бұл өзгерістер Парламент қабырғасында емес, референдум арқылы халық талқысына салынып, қабылданғалы отырғанын есте естен шығармауымыз керек.

Естеріңізде болса, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент болып сайланғанда өзінің бағдарламасының негізгі өзегі етіп үш мәселені көтергенін білесіздер.

Оның біріншісі – халықтың әл-ауқатын көтеру, екіншісі – әділетті қоғам орнату, үшіншісі – даму.

Ендеше қазіргі болып жатқан реформалардың бәрі де Президентіміздің сайлауалды бағдарламаларының логикалық жалғасы деп қарастыруымыз керек.

Біз қоғамдық штаб мүшелері қазіргі таңда ауылдарды аралап, жұртшылық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеміз.

Сол уақыттарда өрбір халықтың жүрегінде шоғырланып қалған сұрақтардың көп екені де айқын. Бұлай болуы орынды да.

Олардың көпшілігі «Нарықтағы баға тұрақталады ма? Жағдайымыз жақсарады ма? Әділетті қоғам орнай ма?» деген сауалдар тастайды.

Мен осы ретте өрбір азамат референдумға қатысып, өзінің пікірін дауыс беру арқылы білдіру керек екенін айтып кеткім келеді. Өйткені референдум халық үшін жасалуда және бұл ретте азаматтар пікірі аса маңызды.

Енді осы өзгерістерге қысқаша тоқталып кетер болсам, «Суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламенті және есеп беретін Үкіметі бар Президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді. Мемлекет басшысының айтуынша, Конституциялық реформа біліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Парламенттің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың ықпалын арттырады.

Сонымен қатар халықтың ел басқару ісіне араласуы кеңейтіліп, азаматтардың құқығын қорғау тетіктері күшейтілетін болады.

Нәтижесінде білік тармақтары арасындағы өзара қарым-қатынастардың оңтайлы баланыс қалыптастырылып, мемлекет пен қоғамның арасында тиімді диалог орнатылады.

Осы тұста суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, президенттік республика моделіне өту мақсатында келесі өзгерістерді енгізу керек. Яғни Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттілігі кезеңінде саяси партияға мүше болмау, Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет атқаруға, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басшы болуға құқығын, Тұңғыш Президенттің президенттік лауазыма шексіз ұсынылу құқығын, Тұңғыш Президенттің өкілеттілігіне қатысты барлық норманы алып тастау көзделуде.

Сондай-ақ біліктің бірқатар өкілеттілігін қайта бөлу бойынша Президент облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін өңір (қала) мәслихаттарының барлық депутаттарының келісімін ала отырып баламалы негізде (кемінде екі кандидатура ұсыну арқылы) және Конституциялық Сот төрағасын, Жоғары Сот Кеңесі Төрағасын Президент Парламент Сенатының келісімі бойынша тағайындайды.

«Мемлекеттік хатшы» институты «Мемлекеттік кеңесші» институты болып қайта құрылады, ол ішкі саясат мәселесі бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар береді.

Ал Парламенттің рөлi мен мәртебесiне тоқталсақ, Мәжiлiс бұрын заң жобаларын қарайтын және мақұлдайтын болса, ендi заңдарды қабылдайтын болады. Оның құрамы ендi 107 депутаттан емес, 98 депутаттан жасақталады. Қазақстан Халқы Ассамблеясының Мәжiлiстегi квотасы жоюылады. Сенат бұрын заң қабылдаса, ендi заңдарды мақұлдайды немесе мақұлдамайды. Мәжiлiс депутаттары аралас сайлау жүйесi негiзiнде жасақталады.

Республикалық бюджеттiң атқарылуын бақылау жөнiндегi есеп комитетi Жоғары аудиторлық палатаны қалай болып қайта құрылады. Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Мәжiлiсте жылына екi рет есеп бередi.

Сайлаушылардың бiр мандатты аумақтың сайлау округi бойынша сайланған Мәжiлiс депутаттарының мандатын керi қайтарып алу мүмкiндiгi пiсiе болады.

Халықтың ел басқару iсiне араласуын кеңейту мақсатында жер және оның қойнауы, су және өңiр, өсiмдіктер мен жануарлар дүниесi, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесiлi. Халық атынан меншiк құқығы мемлекет жүзеге асырады.

Адам құқықтары жөнiндегi уәкiл туралы заңға конституциялық мәртебе және оған Конституциялық көпiлдiктер берiледi. Сондай-ақ өлiм жазасына тыйым салынады.

Жалпы бұл өзгерiстер халықтың көп жылғы талап-тiлектерiнен туындап отырғаны анық. Өз кезегiнде бұл реформалар халқымызға мемлекеттi басқару iсiнде көң мүмкiндiктерге ие болуға жол ашып отыр.

Сондықтан өлiмiз үшiн тағдыршештi шешiмдер қабылданып жатқан шақта Мемлекет басшысы баршамыздың алдымызға қойып отырған мiндеттердi абыроймен атқарып, барлығымыз толық дауыс берiп, шын мәнiндегi өркениеттi, дамыған өзiмiз көргiмiз келетiн жаңа Қазақстанды бiрге құрайық!

Сәлима ОСПАНОВА,
№122 орта мектеп директоры

Кент, ауылдық округтері әкімдерін сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газеті сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы - 3111 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- Бірінші бетте орналастыру – 250 теңге;
- Ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге;

Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68 үй. Жарнама бөлімі: 8 (724-31)31-5-75, E-mail: Zhal_jarsh@mail.ru

ТАРИХ

Жергілікті халық «Қара айғыр» деп атайтын паравоз екі иығынан демін алып бұрқыратып, жан даусымен айқап салып, «мен жеттім» деп Жалағаш бекетіне келіп тоқтағанда, қыстың қысқа күні ұясына батып, бекет бойын қараңғылық жайлаған еді. Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылық мектебіне білім жетілдіруге барған ол қысқы емтиханын шамасы келгенше тапсырып, демалысқа келе жатқан бойы еді. Бұл 1933 жыл қаңтар айының соңы болатын. Орда бұзар отызға жақындаған жас жігіт пойыздан түскен бойда Сырдарияның арғы жағасындағы Қараой елді мекеніндегі үйіне жеткенше асықты. Асығуының да бір себебі бар. Ауылдағы ескіше сауатты, өз еңбектерімен күн көріп жүрген Табынның Жақап аталығының белгілі азаматы Ақмағанбеттің тәрбиелі, оң жақта отырған қызы Құлпатимамен оқуға кетер алдында үйленген еді. Өткен ғасырдың алдында большевиктер орнатқан жаңа қоғамның жетегі мен талабына ерген ағасы Асқардың тәрбиесінде болған Әби ұжымның есеп-қисап жұмысын тез меңгеріп, комсомол жастар ұйымының белсенді мүшесі болып, елдегі болып жатқан науқанды оқиғалардың ортасында жүрді.

Өртенген қойма

Бұл Кеңес үкіметінің ауылдық жерлерде көшпелі, бытыраңқы елдерді ұжымдастыру жұмысын қызу жүргізіп жатқан кезі болатын. Көп жанды Жаппасбайдың отбасынан шыққан Асқар, Әби, Әлілер үкіметтің жаңа жұмысына күш сала кірісті. 1929 жылы күнкөріс малының жайымен ерте көктемде Қарақұмға көшіп, қыс түсе Сырдағы қыстауларына көшіп-қонып жүретін ауқатты шаруала мен Сырдың жатақ отбасыларын ұжымдастырудың алғашқы нәтижесімен ТОЗ-ға біріктіріп, кейіннен «Қызыл кедей» ұжымы құрылды. Ұжымның алғашқы төрағасы 1898 жылы туған БКП /б/ мүшелігіне кандидат, сауатты, Кеңес органдарында қызмет атқарған Таң колхозының төрағалық қызметінде болған Әуесбаев Мұстафа еді.

Партия ұйымының жетекшісі ретінде Жаппасбаев Асқар жаңа қоғамның жаңа ісіне белсене кіріскен болатын. Сыр бойының орта жағалауын мекен еткен Асқардың ағайындары бақша егіп, егін салып, өз күштерімен күн көрген жандар еді. Қолдарындағы малдарының жайымен Қарақұмға көшкен ағайындарына жалданып, Сырда шөп дайындап, солардың берген азы-көпті малдарын талғауға еткен отбасының жігіттері «атан жілік, алай төс қарулы еді» дейтін ауылдастары. Әкелері Жаппасбайды «азаматтың қарай адамы» дегендей, ұзын бойлы, қапсағай денелі, қарулы, ескіше оқыған сауатты кісі болған дейді. «Әкеге қарап ұл өсер» дегендей, Жаппасбай ақсақалдың Әлі деген МТС-та алғашқы трактор айдаған баласы батып қалған ХТЗ тракторын сүйреп шығара беретін жойқын күштің иесі болған.

«Қалжан ахун», «Қараой» мешіт-терінде бала оқытқан Жаппасбайдың үлкен ұлы Асқар Жалағаш ауданының 19-ауылында 1896 жылы дүниеге келген ескіше сауат ашып, 1926 жылы БКП /б/ мүшелігіне өтіп, ауылдық кеңесте хатшы, №19 ауылдық кеңестің «Қызыл кедей» колхозының партия ячейкасының хатшысы қызметіне сол заманның өмір талабына сай қызмет атқарды.

Ұжымдастыру мен тәркілеудің алғашқы кезеңінде жиналған барлық мал колхозға өткізіліп, дүние-мүлік ортақтанып, ұжымға мемлекет тарапынан тұқым, жанар-жағармай, алғашқы техника қарал келе бастайды. Бұл кез елге зұлмат әкелген ашаршылықтың алғашқы жылдары болатын. Қолдарындағы күнкөріс малдарынан айырылған халық аштыққа ұшырап, бастары ауған жаққа, көбісі оңтүстікке удере көшкен кез еді. «Жылылғанға жудырық» дегендей, батыс пен арқа жақтан ашаршылықтың тауыметін тартқан босқындар елге баса-кекпен кіріп, қорқып-үрқуді білмей, «қарабатпақша» жабысып, ауылды абыржытып, жолдағы тіршілік көзі жаппай оңтүстікке ауып кеткендерін әкелеріміз айтып отыратын. Осындай ел басына күн туған тұтанды жаңа қоғамның ауыл шаруашылығында ел басқарудың жаңа жүйесін өмірге енгізуді Мұстафа мен Асқар қолға алған еді. Халықтың қолындағы күнкөріс малын тәркілетіп, ашаршылықты қолдан жасаған үкімет өз кінесін түсініп, қоғамдық малдың өнімін халыққа беру, қоғамдық негіздегі күш-көптіктерді пайдалану сияқты шараларды қолға алуға мәжбүр болды. Осы жылдың күңсі болған халық ақыны Төлеубай Үркімбаев сол жылдары «Сатанның сары айғыры» деген фельетон жазған

болатын. Үкіметтің жаңа бағыт-бағдарын басшылыққа алған партия ұйымы ячейкасының хатшысы Асқар халыққа насихаттау жолында ұжымдастыру жұмысын пәрменді жүргізе білді. Асқардың басшылығымен өздерінің атақонысы болып, жағасын жалпап отырған Сырдарияның «Қараой» тұсынан халық болып жабылып арық қазып, оны «Сарының табанына» құлатып, күріш егуге алғашқы қадам жасаған еді.

Арық «Асқар арығы» болып аталды. Арықтың ізі мен жобасы өлі күнге дейін ескінің көзі, тарихтың куәсі болып жатыр. «Қызыл кедей» ұжымының жаңа орталығы, қазіргі Сырдария көпірінің төменгі ағысының иінделіп, Қарайға бұрылатын дөңес қолтығы болатын. Алды домалақ иір көлдер, ар жағы егістік алқап «Нұршы», «Сары табан», «Ақсай төбесі», «Аққұм қымы», дариалықтың «Сасық түбегі» болатын. Бұл аймақ ертеректе «Арық балық» деп аталатын. Кеңестік партия ұйымдары ұжымдастырудың құрылысын сәтті бастау мақсатында аудандарда үлгі-түркі ұжымдарын құрып, басқаларға өнеге көрсету саясатын қолға алды. Сондай ұжымның бірі «Қызыл кедей» колхозы болды.

Осы ұжым орталығында шаруашылық мақсатта жергілікті материалдардан астық, азық-түлік, техника, жанар-жағармай қоймалары мен мал қоралары салына бастады. Бұл халықтық құрылысқа Сыр бойының жиде, қамыс, тал, торанғылдары пайдаланылып, ауыл тұрғындарының ішіндегі қолдарынан іс келетін ұста, ісмерлер тартылып, құрылыс бригадалары қарқынды жұмыс істеген. Сол кездері көзі көрген кісілердің айтуынша, Сыр талдарын иіп, қойманың төбелерін шатыр есебінде жалқан. Қоймалар дүние-мүліктердің түрлеріне қарай бірнеше бөліктерден тұрған. Ұжымдық қоймадан басқа мемлекеттік сату, сатып алу заттарының қоймалары болған. Жеке малдарды тәркілеу негізінде қоғамдық мал фермасы ұйымдастырылып, балықшылар артелі құрылған. Осындай үлгілі-түркі ұжымының саяси жетекшілігіне «Қаракеткен» МТС-тың партия ұйымының хатшысы Жаппасбаев Асқар жіберіледі.

Жаңа қоғамның саяси жұмысына белсене жетекшілік жасауды мақсат еткен Асқар арманына жете алмады. 1933 жылдың қаңтар айының соңында бұл өңірде бұрын-соңды болмаған өрт болып, қойма ішіндегі өртүрлі марқадағы 4 трактор, 3 молотилка, 9 сепалка, 2 шөп оратын қосилка, 20 соқа, бірнеше мүйізді ірі қара, 14 жылқы, 120 пар былғары өтік, 1 339 центнер күріш тұқымы өртеніп кеткен. Оңтүстіктің жылы ауа райына үйреніп қалған Әби қаңтардың қақаған аязына қаммасаң ауылға жеткенше асықты. Ол кездері жол бойының тиестігіненді Дәуімбайдан дариа бойына дейін ұштасып жатқан қалың жиде тоғай арасында арба жол болатын. Үлкен жолға түскен жас жігіт алдағы жарқын болашақтың қиялына түсіп, дариаға қалай жеткенін білмей қалды. Қалың қаңтар дариадан өтіп, үйіне келгенде ел орнына отырған кез болатын.

Әби бұл аймақтағы үлкен қалаға барып оқып жатқан саналуы азаматтардың бірі еді. Үлкен шаһардағы оқудан келген жас жігітті қаумалап келген көрші-қонысастары, ағайын-туыстары оқу жайын сұрап, біраз уақыт отырып тарасты. Оттың қызуы, көпшіліктің

отырысынан ысып кеткен қоржын тамның ыстығынан өкпесі қысылып жастыққа басы тиген Әбиді сырттан асығыс шауып келіп тоқтаған екі аттының суыт жүрісі төсектен тұрғызға мәжбүр етті. Есіктен еңтелеп кірген қапсағай денелі адам «Асқар қайда?» деді де, жауабын күтпей қойманың өртеніп жатқанын хабарлағанда Әби не болғанын білмей, «Қандай қойма, қайдағы өрт?» дегеннен басқа аузына сөз түспей, есін зорға жинады. Әлгі адам «Сен мына атқа мін де, Асқарға өзін хабарла, біз бүгін ауылына кеткен Мұстафаны алып келуге Таңға кеттік» деп екеуі үйден шыға жөнелді.

Асығыс киініп сыртқа шыққан Әби суыт жүріп, төрлеп аяз қысып тұрған аттың басын Асқардың ауылына қарай жібереді. Бұл кез тұн ортасы ауған жұрт шырты ұйқыда жатқан кез болатын. Аттан түсе сапа есікті қатты ұрған дауыстан «Бұл кім?» деген үреймен есікті ашқан жегісегі үлкен қалада оқып жатқан қайыңысын осылай көреміз деген жоқ еді. Асқар да суыт жүріспен ұрылған есіктің дыбысынан жүрегі бір неркесі сөзгендей, төсегінен тұрып отырған бойы еді. Әби сәлем беріп, «Асеке, жаңа қоныстағы қойма өртеніп жатыр» деп отыра кетті.

Тосын хабардан есінен танған Асқар «Бұл не болғаны?» деп орнынан тұра алмай, жан-жағын қармай берген еді. Есін жинап, киіне бастады.

Бұл Асқардың өміріндегі өз үйінен соңғы киініп шыққаны еді. Аяқ-қолынан ел кетіп, қораға зорға жеткен Асқарды атқа отырғызып, ағайындар екі азамат өртеніп жатқан қоймаға қарай аттың басын жіберді. Бұлар келгенде қойманың басы азан-ақан шу, бірәуді-біреу біліп болмайды. Оттың түтіні, алауалаған жарығы көш жерден көрінеді. Айнала ай жарығымен жарқырап, бейне бір алау жарылғандай. Меңіреген сиыр, шынғырған жылқы дауыстары жанды түршіктірді. Керосин толтырылған бөшектер бомбаша жарылып, ықылмы заманнан келе жатқан өңір бір сұралып, зұлматты күй кешуде. Халық дарианың үкісінен қолдап су тасып, астықтың үстіне құюда, басқа қолдан келер дәрмен жоқ.

Қойманың өртенуі шамамен ел орнына отырған кезде басталса керек, жалын жақындалпты. Асқардың алғашқы айқайы «Астықты сақтандар, сыртқа шығарыңдар, ұрламаңдар, үйлеріңе тасымаңдар» болды. Қыстың ұзақ түні сілемденіп жарық болғанда қойма да өртеніп болды. Қойма орнында текникалардың темір қаңқасы, өртенген дүниеелердің қолаңса істері, күйген астықтың қауыздары бықсып жанып жатты. Ертенісе сәксе түсте Қармақшыдан бір топ ГТУ қызметкері келіп, тергеу басталды. Бүкіл ауыл азаматы, қалаберді ашаршылық жылдары сыртқа кетіп, күнкөріс қамымен балық аулап жүрген шал-шауқан, бала-шағаға дейін ұсталып, Қызылордаға түрмеге айдалды. Білім жетілдіру мектебінің тыңдаушысы Әбидің болашаққа деген қиялы күрт үзіліп, «контрреволюциялық бүлік ұйымдастырушы» деген жаламен түрмеден бір-ақ шықты.

«Қызыл кедей» ұжымының негізі «Арық балық» ауылының халқы маңыратып мал айдамаған, үйір-үйір жылқылы бай болмаған, күнкөріс малдарымен егін егіп, Сыр бойының жатақ елі болған. Бүгінгі ұрпақтың аузына аталарымыздың айтып кеткені мына біздің жадымызда, «Біз не



көрмедік, Асық ата, Тауланбайды да көрмедік» деген екен, жаңағы көргендері ауылдарынан 2-3 шақырым жердегі төбелер еді. Осы сөздеріне қарағанда, жарықтық аталарымыз қарыштап тұяқ қалмасын» науқанымен сыпырып алып, қолдан ашаршылық жасалып, Қазақстанда «іші революция» жүрген кезде өздерін тәзімділікке жеткізген олар елде үкіметке қарсы саяси-диверсиялық, контрреволюциялық пиғылдан аулақ болып, қолдарынан келгенше жаңа қоғамға белсене еңбек еткен. Мың өліп, мың тірілген қазақтың көбін киген біздің аталарымыз бен әкелеріміз қызыл империяның қитұрқы саяси науқандарының құрбаны болды. Солардың бірі елге орны толмас қайғы-қасірет әкелген «Өртенген қойма» оқиғасы еді.

Отызыны жылдардың басында, дарианың арғы бетіндегі «Қызыл кедей» ұжымына, Арқа жақтан осы ауылға жиендігі бар, мал-мүлі тіркелген, бұрын ауқатты өмір сүрген Нағашыбай деген кісі көзден таса болу мақсатында көшіп келеді. Үстінде ақ боз үй, тіршілігіне жететін малы бар, заманында еркін өскен, көкірегің ешкімге бастырмаған күш-қуаты бар азамат елмен бірге тұрып жатады. Тәркілеу науқаны шарықтау шегіне шыққанда, ауыл белсенділері сырттан келген азаматқа тізесін батырып, күнкөріс малын сыпырып алып, бай деген атақпен үстіңдегі үйінің жарамды бұтақтарын тәркілеп алып кетеді. Онымен қоймай үйдің туырлығын кесіп, бөліксе салады, азаматтың арына тиетін жұмыстар жасайды. Бұл азарға шыдамаған Нағашыбай төсек тартып, науқастанып жатып қалады. Сонда Нағашыбай «Осы аурудан өлмей төуір болсам, аяғыма мінсем, сендердің түттеріңе жетермін» деген екен. Көп кешкіпей тәуір болған Нағашыбай еш алудың ыңғайлы сөтін күтіп жүреді. Сондай кезең 1933 жылдың қаңтар қаңтары айының соңына түседі. Қойманың күзетшісі тоңып, жылынуға үйіне кеткен сәтті пайдаланып, қоймаға кіріп, бөшкедегі керосинді төгіп жіберіп, отты қойып, далаға қаша жөнеледі. Сол бетімен дариадан өтіп үлгереді. Ол кездері пойыздар әрбір бекет станцияларда тоқтап жүретін кез. №5 бекеттен жүк пойызына отырып, Ташкентке бет алады. Арada бірнеше жыл өткенде, Нағашыбай «Дарианың ортасына жеткенімде, «Өрт» деген айқай шықты, артыма қарадым, қыстың қақаған түнінде алауалаған оттың жарығы маған дейін жетіп, дүние қызыл түске боялды. Төрт-бес белсендіге өштесемін деп бір тайпа елдің обалына қалдым-ау деп жолға қарай ышқына жүгірдім» деген екен.

Нағашыбай сол кеткеннен Ташкентке барып, адам тонаумен, қарашылықпен айналысып, осындай топтың басшысы болады. Қойманың өртенуі саяси диверсиялық партияда емес, белсенділер мен жеке азаматтың өштесуінен болғанын іштері сезген ауыл белсенділері елде көп тұрақтамай,

оңтүстікке қашады. «Тау таумен кездеспейді, адам адаммен кездеседі» дегендей, Нағашыбай кезекті бір жортуылынан келе жатқанда, түнде елдегі белсендінің біреуін әйелімен ұстайды. Айдың жарығынан түсін таныған Нағашыбай белсендінің елдегі өзіне жасаған қиянатын айтып, «дүние кезек» деп өлтірмекші болады, бірақ қасындағы жолдасы ара түсіп, «Ойыңдағы барынды айттың, осы да жетер, бекерге бейшараның қанын өзіңе жүктеме, қасындағы әйел үшін жаның қи» деп босаттырып жібереді. Бұл белсенді ол жақтан шаршап, елге қайтады. Елге келіп еңбек етіп, алпысының жылдардың ортасында қайтыс болады.

Бұл өңімені ашаршылық жылдары тіршілік қамымен Ташкент жаққа кеткен Қабыланов Дәулетбай ақсақал айтқан еді. «Ел асып, ауып барған адамдарға аштық не істетпеді. Қу тамақ үшін бәрине бардық. Сол бір жылдары Ташкенттің «Адай» базарында қасында түрлерінен адам қорқатын екі жолдасы бар Нағашыбайды кездестірдім. Ол мені танып, тоқтатты. Жүрегім бір жамандық түсі сөзгендей болды, елдегі «Өртенген қоймадан» жазаланғандардың көбісі менің туысыман. Ол қасындағы екі жолдасына «кете беріңдер» деп ымдады да, менімен тілдесіп, жағдайымды сұрады. Мен ешкімді білмейтінімді, бір өзімнің жүргенімді айттым. Екеуіміз шайханаға кірдік, мен артынан келе жаттым, бір жағдай болса қашайын деп сақтанып қалдым. Ауқаттандық, шы іштік, ащы судан да көрдік. Ол елдегі адамдар жайлы сұрап отырды. Мен де сыр бермеуге тырыстым. Ащы суға қызып алған Нағашыбай «Үш-төрт белсендіге ерегісіп, бір тайпа елдің обалына қалдым, бір құдайдың өзі көшірсің» деп нен тұрап отырған «сарт» пышағын столға қойып жіберді. Мен енді ұзақ отырудың мәнісі болмайтынын біліп, жөніме кеттім» деген еді.

ОГПУ сот коллегиясының 1933 жылғы 22 қыркүйектегі Қаулысымен «Өртенген қойманың» оқиғасымен отыз төрт адам жазаланды. Олар мыналар еді: Жаппасбаев Асқар, Әуесбаев Мұстафа, Айтуаров Бисенбай, Нұрашев Ахмет, Әмірбеков Жұмаділда. (Жұмаділда түрмеден қашып кетеді, іздеу жарияланған). Жаппасбаев Асқар, Әуесбаев Мұстафа 1933 жылдың 16 қарашасында түнгі сағат 23.00-де Алматы қаласында, Айтуаров Бисенбай, Нұрашев Ахмет 1933 жылы 26 қарашада түнгі сағат 3.00-де Қызылорда қаласында атылған. Қазақстан ОГПУ сенімді өкілді жанындағы үштіктің 1933 жылғы 29 маусымдағы Қаулысымен Төлеубаев Қойшығұл Төлеубаев Смағұл, Баймаханов Шахыман, Малкелдинов Қыдырбай әрқайсысы он жылға қондагерге Бақтыбаев Байкөмел, Байтабынов Ермахан, Жанағыздов Есмахан, Тоқмамбетов Айдар әрқайсысы сегіз жылға, Бейімбетов Махат, Смаилов Баққонды, Жонтаев Баймырза, Бақтыбаев Біркөмел, Азаматов Сәдуақас, Жүсіпов Әбен, Баймағанбетов Әбілдалар әрқайсысы бес жылдан қондагерге, Бекенов Айтбай, Жаппасбаев Әби, Тоқсанбаев

Оспан, Құлжанов Әбдірахман әрқайсысы үш жылдан қондагерге, Нұртаев Сағымбай, Смағұлов Жүсіп, Битұаров Ыбырай, Самалаков Әбу әрқайсысы үш жылдан қондагерге /шартты түрде/ сотталған.

Баймаханов Смайл алдын ала отырған күндерін есептеп, қамаудан босатылған. Бейімбетов Махат Қарағанды лагерінде 1934 жылдың 14 наурызынан бастап жұмысты жақсы істеп, тәртіпті болғаны үшін 1938 жылдың 6 қыркүйегінде босатылған. Төлеубаев Смағұл 1934 жылы Қарағанды лагерінен қашып кеткен. СССР НКВД ерекше мәжілісінің 1935 жылғы 13 қыркүйектегі Қаулысымен шартты түрде босатылған Төлебаев Қойшығұл Қызылорда, Шымкент түрмесінде отырған Қарағандыдағы қондагерге ауыстырылып, сол жақта қайтыс болған жылы, жері белгісіз. Қызылорда облыстық прокуроры орынбасарының 1989 жылы 29 маусымдағы және шілдедегі қорытындыларымен Тоқсанбаев Оспан, Азаматов Сәдуақас, Жаппасбаев Әби, Баймаханов Шахман, Смағұлов Жүсіп, Бақтыбаев Байкөмел, Құлжанов Әбдірахман, Битұаров Ыбырай, Самалаков Әбу, Жүсіпов Әбен, Баймаханов Смайл, Нұртаев Сағымбай, Бекенов Айтбай, Баймағанбетов Әбілда, Жонтаев Баймырза, Тұлпанов Әбілда, Караев Ниязбай, Боранбаев Әбдіжаппар, Тасымов Бәден, Байғазиев Әли, Смаилов Баққонды, Бейімбетов Махат, Тоқмамбетов Айдар, Жағағыздов Есмахан, Байтабынов Ермахан, Малкелдиев Қыдырбай, Төлебаев Қойшығұл Төлебаев Смағұл, Омарбеков Жұмаділда, Нұрашев Ахмет, Айтуаров Бисенбай, Әуесбаев Мұстафа, Жаппасбаев Асқар СССР Жоғарғы Кеңесінің президиумының 1989 жылғы 16 қаңтарындағы Указы негізінде толық ақталған.

Оқырман қауым, бүгінгі және болашақтағы жас ұрпақ! Жиырмасыншы ғасыр әкелген, революциялық төңкеріспен келген, жаңа қоғам орнатуға түрлі саяси науқандардың құрбаны болып, жазықсыз жазаланып, қасіретті бастарынан көшірген біздің аталарымыз бен әкелеріміздің өмір деректерін сіздерге жеткізіп қалдыруды мақсат еттім. Сол бір сұралып жылдары ат төбеліндей шағын ауылдан 34 адам жазықсыз жазаланып, оның төртеуі атылып, қалғандары түрлі мерзімге қондагерге айдалғанын сіздер білсін дедім. Көптен құпия болып келген осы оқиғаның бүгінгі жаңа заман, жаңа қоғамда, демократия мен жариялықтың орнаған елімізде тарихтың шындығын айтуды жөн көрдім. Өмір ұрпағымен жалғасады. Өткенді білмей, жаңаны жасай алмайсың. «Өткенге салауат, қалғанға береке» десек те, сол бір «зұлмат» оқиғаны біздермен көшірген, куәсі болғандар біздің аталарымыз бен әкелеріміз, құрметті жас ұрпақ! Көзі тірісінде Әби ақсақалмен «Өртенген қойма» жөнінде сұхбаттасқан болатыным. Сол сұхбат менің осы оқиғаны жазуыма негіз болды.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

ЖАДЫМЫЗДА САҚТАЛАСЫҢ СЕН МӘҢГІ



Кез келген ортада бойына тұнған барлық жақсы қасиетімен дараланып тұратын жандар болады. Олар осынысымен де ортада қадірі артып, қашанда құрметке бөленіп жүреді. Сондай жандардың бірі асыл досымыз, сыныптасымыз Екін Ержанов болатын. Қазір сол ардақты досымыздан айырылып

қалғанымыздан бері де 9 жыл уақыт өтті. Десе де ол көпшілігімен, досқа адалдығымен, бауырмалдығымен біздің жадымызда ұзақ уақыт сақталады.

Ержанов Екін Ұәліханұлы 1985 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1991-2002 жылдары кент орталығындағы №201 орта мектепте білім алды. Кейін Түркістан облысындағы жоғары оқу орындарының бірінде білімін жетілдіріп, елге еңбек ететін деп алдына үлкен мақсат қойды. Сол сыныптасымыздан 28 жасқа қараған шағында қапыда айырылып қалдық, 2013 жылдың 31 тамызында Екін досымыз бұл өмірмен қош айтысты.

Біз сыныптасымызды ұмытпаймыз, сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Бұл да тағдырдың басқа салған сынағы. Десе де асыл досымыз хақында өткен шақпен естеліктер айту бізге де оңай емес. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын Екін.

Талап болды бағындырар шың басың. Өткен шақпен еңді достар жыртасын. Жадымызда сақталасың сен мәңгі, Жатқан жерің жайлы болсын, құрдасым.

Еске алушылар сыныптас достары

СЕН ДЕ КЕТТІҢ, ФАНИ ДОС



Өткен күнге кез жүгіртсек, кент орталығындағы №201 орта мектепті тәмамдағанымызға да 20 жыл уақыт өтті. Осынша уақытта бірнеше досымыздан, сыныптасымыздан айырылып қалдық. Солардың қатарында көпшілігімен дараланып тұратын құрдасымыз Фани Ахметов те бар. Оның да ортамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Қазір Фани досымыз бақилық болғаннан бері де жыл сырыпты.

Ахметов Фани Баймырзаұлы 1984 жылы Жалағаш ауданында туған. 1991-2002 жылдары аудандағы №201 орта мектепте оқыды. Кейін еліміздегі іргелі оқу орындарының бірінен «Психолог» мамандығы бойынша білім алды.

Фани Ахметов отбасында аяулы жары Айкерім екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірді. Дәнекерлеуші болып қажырлы еңбек еткен ол аз уақытта балаларына адал еңбектің қадірін ұғындырды. Асыл досымыз 2021 жылдың 2 наурызында дүниеден өтті.

Қазір Фани хақында естеліктер айтсақ, әуелі ойымызға оның досқа адалдығы, берген сөртіне беріктігі, бірсөзділігі, көпшілікті оралады. Біз сені есте ұмытпаймыз, асыл дос. Өзіңді сағынышпен еске алып, рухыңа құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын.

Жадымызда түр есімің жаңғырып, Сен де кеттің мұнда бізді қалдырып. Сағынышпен еске аламыз, Фани дос, Біз өзіңді ұмытпаймыз мәңгілік.

Еске алушылар сыныптас достары

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ



Сыныптасымыз Айгүлдің алға қойған мақсаты көп еді. Мектепті де жақсы бағамен бітіріп шыққан қыздың болашағынан үлкен үміт күтетініміз.

Ол да сабақта алғырлығымен, берілген тапсырманы уақытында орындап, есте сақтау қабілетімен құрбыларын таңқалдырудан жалықпайтын. Бірақ осындай асыл құрбымыз хақында бүгінде өткен шақпен естелік айтып отырамыз деп кім ойлаған дейсің? Бұл да сынақ, ал оған сабыр қылмасқа шара жоқ.

Шапағатова Айгүл Серікқызы 1985 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1991-2002 жылдары аудан орталығындағы №201 орта мектептен бізбен бірге білім алып, оны ойдағыдай тәмамдады. Кейін еліміздегі іргелі оқу орындарының бірінен «Бастауыш пәні мұғалімі» мамандығы бойынша оқыды. Ұстаздық қызметті енді бастап, шәкірт санасына сапалы білім сіңіру арқылы бөсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастырамын деген шағында, яғни 2005 жылғы бақылық болды.

Қазір сыныптасымыз жайында естеліктер айту бізге де оңай емес. Өткен ғұмыры ерте үзілді. Болмаса, бойжеткен қыздың алға қойған мақсаты көп еді. Сен біздің жадымызда ұзақ уақыт сақталасың, асыл құрбым. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз ғой тағдыр басқа салғанда. Көзімізге ып-ыстық қас келеді, Айгүл құрбым өзіңді еске алғанда.

ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біздің басылым бұдан бұрын Балалар жылына орай балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырмандарға паш еткен болатын. 1 маусым – балалар күніне орай «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арналып жазылған бір топ өлеңдерін жариялап отырмыз. Мереке қарсаңындағы бұл тартуымыз жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлауына тілектеспіз!

Әжемнің өзі бір мектеп

Жүзіне бүгін түсті әжім,
Ал, менің өнім түр көктеп.
Алғашқы менің ұстазым
Әжемнің өзі – бір мектеп.

Жүрегі жұмсақ, алайда
Сөзінің өткір қияғы.
Әбестік көрсе қандай да,
«Тәйт» деген сөзбен тияды.

Ырымға қазақ бай халық,
Содан да елден ерекпіз.
Адам бар үйді айналып,
Жүгірме дейді себепсіз.

Жасалар туыс, досқа арнап,
Жөнімен бәрі сый-көдең...
Құлашты жайып қос қолдап,
Босаға керме дейді әжем.

Сөздерін түйдім жадыма,
Ақылмен санам нұрланды.
Жаратпайды әжем тағы да,
Табалдырыққа тұрғанды.

Тілейтін бізге амандық,
Әжемнің сөзі – мейірім.
Шақырма дейді жамандық,
Таянса біреу бүйірін.

Ниетің болса болғаны,
Ісінде әрбір бар үлгі.
Ырымға жаман ол-дағы,
Таянба дейді жағынды.

Ақылын тағы бастайды,
Есейдік десек біз өнді.
Одан да тиып тастайды,
Отырсаң құшып тізеңді.

Жеңіңе жүрме тас тығып,
Халықта тылсым бар кие.
Ырымның түбі – жақсылық,
Тыымның түбі – тәрбие.

Жаманнан мені тигасың,
Жүрөмің ылғи құрметтеп.
Үйреткен әдеп-ибасың,
Әжемнің өзі – бір мектеп.



Бәсіре

Тау басында – жауыны,
Ауласында – қауыны.
Ыстық маған бәріңең,
Нағашымның ауылы.

Бітірген соң мамырды,
Бетке аламын ауылды.
Атамменен әжемнің,
Істерінің бәрі үлгі.

Күтіп жүр ем сарыла,
Апам ертіп жанына.
Нағашылап ауылда,
Келдік міне, тағы да.

Нағашы жұрт текті ізгім,
Ұстап жатыр көп тізгін.
Құшақ жайып қарсы алды,
Жиен келді деп біздің,

Айналды әжем бақ тілеп,
Арқамнан ағам қақты көп.
Атам да отыр: «Жиенім
азамат боп қапты», – деп.

«Жігіт» болған балаға,
Еркелеуге бола ма?!
Салмақты боп бір демде,
Ұқсай қалдым ағам.

Саяқ ұстап баптаған,
Тұрқынан мін таппаған.
Қайтарымда ауылдаң,
Жиенге деп сақтаған

Тақымыма сай қылып,
Мінгізді атам сәйгүлік.
Қайттым солай ауылдаң,
Бәсіреге тай мініп.



Атасының ақылы

Басқалар да байқасың,
Өсті десем Өркенім...
Ауырлығын айтасың,
Арқадағы сөмкенің.

Жеу үшін де талқанды,
Еңбек етіп терлейсің.
Жауыр қылмай арқанды,
Қиындықты жеңбейсің.

Салмағына сөмкеңнің,
Ауырсынба сен бүгін!
Көтересің ертең күн,
Бұдан да ауыр еп жүгін.

Жарға жықпас нар сенім,
Жетер оған күшің де.
Болашағың бар сенің,
Сол сөмкеңің ішінде.

Білсең бәрін жаман ба?
Биіктікпен тау – Ұлы.
Болмайды онда адамға,
Керек заттың ауыры.



Шаңырақтың несі

Әкесіне миятты ұл,
Көп нәрсені үйренген.
«Өскенде әкем сияқты
әке болам», – дейді Ерден.

Ұқсайды өзі түрі де,
Әкесі сал көрі, шын.
Қайталайды күніге,
Әкесінің әр ісін.

Әкесі де Ерденге,
Үлкен үміт артады.
Жұмысынан келгенде,
Әңгімеге тартады:

«Ата-анаңның ақылын,
Болашағым деп ұғын.
Жанымнан да жақыным,
Ізбасарым – сен, ұлым!

Бер бүгіннен серт өнді,
Сөздің болар киесі.
Сен ғой балам ертеңгі,
Шаңырақтың иесі».

Ізденетін әрдайым,
Сүйсіндірер талабы.
Искейді маңдайың,
Арқасынан қағады.

Баласынбай, сүйіне
Өзіменен тең көрген.
Қонақ келсе үйіне,
Қарсы алады өнді Ерден.

Емес оған олақ тым,
Жөнің, жолын біледі.
Ізетпенен қонақтың
Сырт киімін іледі.

Сүйсінесің ісіне,
Керек оны үлгі етпек.
Үйге келген кісіге,
Төрді ұсынар құрметтеп.

Алғыс пенен бата алған,
Ісінің жоқ қатесі.
Жолаушылап сапардан,
Оралғанда әкесі

Алақайлап жүгірмей,
Маң-маң басып барады.
– Әке, сендей болдым, – деп,
Маңғаздана қалады.

Дастархан әдебі

Бірлік болса – үй жарық,
Бірге біздің өніміз.
Дастарханға жиналып,
Бас қосамыз бәріміз.

Жарқыратар бөлмені,
Әр сөзінің өрнегі.
Атамыздың мәңшігі,
Құрметті орын төрдегі.

Одан төмен әкеміз,
Әкем менен анамыз.
Отырамыз және біз,
Ал, мынаған қараңыз:

Қарындасым Торшаға,
Көрсетілген сый осы.
Жасы кіші болса да,
Ол да төрдің иесі.

Бірақ, оған қызғана,
Қарамаймын сыздана.
Атам айтқан сыйлы деп,
Қазақ үшін қыз бала.

Ізет деген – ізгі ілім,
Әдептен еш озбаймыз.
Атамыздан біз бұрын,
Асқа қолды созбаймыз.

Мінезі де сабырлы,
Ісі, сөзі бәрі үлгі.
Әңгімесін тыңдаймыз,
Атамыздың тәлімді.

Ас үстінде күлмейміз,
Ас үстінде жүрмейміз.
Атам бата бергенде,
Қол жаямыз бірдей біз.

Киіз үй

Атам жайды керегесің,
Шаңырағың көтерді әкем.
Болмаса да терезесі,
Бұл үй маған бөтен бе екен?!

Қойған былтыр буып бәрің,
Шешті әкеміз теңнің жібін.
Шанышты апам уықтарың,
Айналғандай жер кіндігін.

Ағамды да білдік, күшті,
Жапты үзігің, туырлығың.
Төбесіне түндік түсті,
Тегу үшін Күнім нұрын.

Сәнге алатын гүлден де үлгі,
Аттамайды дәстүрді ауыл.
Үйдің ішін түрлендірді,
Жеңгем ұстап басқұр-бауын.

Шаршаса да жүр көмекте,
Інім маған ере шыдап.
Үй тұрғыздық бір мезетте,
Балғасыз-ақ, шегесіз-ақ.



Бетті дайындаған Г.Қожахметова

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2015 “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3138 Тапсырыс № 870

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА